

Алматы қаласы мәслихатының 2017 жылғы 15 қыркүйектегі № 147 "Алматы қаласы бойынша іске асыруға жоспарланған жергілікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тізбесін бекіту туралы" шешіміне өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

VI сайланған Алматы қаласы мәслихатының LXVIII сессиясының 2020 жылғы 9 қазандағы № 491 шешімі. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2020 жылғы 23 қазанда № 1653 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 2024 жылғы 14 мамырдағы № 115

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 14.05.2024 № 115 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы " Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы" Заңының 24-бабы 1) тармақшасына сәйкес, Алматы қаласының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Алматы қаласы мәслихатының 2017 жылғы 15 қыркүйектегі № 147 " Алматы қаласы бойынша іске асыруға жоспарланған жергілікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тізбесін бекіту туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 1404 болып тіркелген, 2017 жылғы 21 қыркүйекте "Алматы ақшамы" және " Вечерний Алматы" газеттерінде жарияланған) мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген "Жергілікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тізбесі" деген қосымшада:

реттік нөмірі 12-жол келесі редакцияда мазмұндалсын:

"

12.	Алматы қаласы № 7 Қалалық клиникалық ауруханасында реанимациясы бар кардиохирургиялық бөлімше құру	Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы
-----	--	--

”;

келесі мазмұндағы реттік нөмірлері 14, 15, 16, 17 жолдармен толықтырылсын :

"

14.	Алматы қаласындағы білім беру мекемелері жанындағы дене шынықтыру-спорт аймақтарын	Алматы қаласы Білім басқармасы
-----	--	--------------------------------

	қайта жаңарту, пайдалану және басқару	
15.	Алматы қаласында Инновациялық шығармашылық орталықтарын салу және пайдалану	Алматы қаласы Білім басқармасы
16.	Алматы қаласында бұрын салынған және жаңадан салынып жатқан тоғы әлсіз желілерді жаңғырту, техникалық сервистік қызмет көрсету	Алматы қаласы Жайлы қалалық орта басқармасы
17.	Алматы қаласының саябақтарының, скверлерінің, өзен арналарының, тротуарлары мен аулаларының көше жарығын жүргізу, қайта жаңғырту, қызмет көрсету және пайдалану	Алматы қаласы Энерготиімділік және инфрақұрылымдық даму басқармасы

”.

2. Алматы қаласы Мәслихатының аппараты осы шешімді әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді, кейіннен ресми баспа басылымдарында және интернет-ресурста жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алматы қаласы мәслихатының экономика және бюджет жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы С.А. Козловқа жүктелсін.

4. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*VI сайланған Алматы қаласы мәслихатының
LXVIII сессиясының төрағасы*

С. Козлов

*VI сайланған Алматы қаласы
мәслихатының хатшысы*

К. Казанбаев